

**«Нұрбанк» АҚ Еншілес ұйымы «Money
Experts» АҚ**

Қаржылық есептілік

2023 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталатын жыл үшін

МАЗМҰНЫ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Кірістер немесе шығындар және басқа жиынтық табыс туралы есеп	2
Қаржылық жағдай туралы есеп	3
Ақшалай қаражат қозғалысы туралы есеп ■	4
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	5
Қаржылық есептілікке ескертпе ■	6-31

«НҮРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

«Нұрбанк» АҚ Еншілес ұйымы «Money Experts» АҚ басшылығы (әрі қарай - «Компания») Халықаралық қаржы есептілігінің стандарты (әрі қарай - ХҚЕС) сәйкес 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық есептілігін, оның қызметінің нәтижелерін, ақша қаражаттарының қозғалысын және осы күні аяқталған жылдағы капиталдағы өзгерістерді дайындауға жауапты болады.

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық келесілерге жауапты болады:

- бухгалтерлік есептің тиісті принциптерін таңдау және оларды ретімен қолдану; ақпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы деректерді осындай ақпараттың орындылығын, дұрыстығын, салыстырмалылығын және түсінікті болуын қамтамасыз ететін формада тапсыру үшін;
- негізделген орынды бағалаулар мен болжамдарды қолданған үшін; ХҚЕС талаптарын орындау пайдаланушылардың қаржылық есептілікті сол немесе өзге мәмілелердің, сондай-ақ өзге де оқиғалардың немесе шарттардың Компания қызметінің қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне тигізетін әсерін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу үшін; және
- Компанияның жуық болашақтағы үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау үшін.

Басшылық сонымен қатар келесілер үшін жауапты болады:

- ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау үшін; кез келген сәтте Компанияның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәлдікпен дайындауға және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін ұстап тұру үшін; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізу; Компания активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін өз құзыреті шегінде шаралар қабылдау; заңсыз әрекеттер және өзге де теріс пайдалану фактілерін анықтау және болдырмау үшін.

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың қаржылық есептілігін 2024 жылғы 26 ақпанда Компания басшылығы шығарылымға бекітті:

Басқарма Төрағасы

Ляззат Шайхиева

Бас бухгалтер

Берик Оразбаев

26 ақпан 2024 жыл Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБИ

“Нұрбанк» Еншілес ұйымы” АҚ “Money Experts” АҚ» Акционері мен Директорлар кеңесіне

Пікір

“Нұрбанк» Еншілес ұйымы” АҚ “Money Experts” АҚ» (әрі қарай - «Компания») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, пайда немесе шығын туралы есептен және өзге де жиынтық табыс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолумен қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертпелерден тұрады.

Біздің ойымызша қосымша беріліп отырған қаржылық есептілік 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелерін және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (әрі қарай - «ХҚЕС») сәйкес көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақшалай қаражаттың қозғалысын барлық маңызды қатынастарда шынайы көрсетеді.

Пікір білдіруге негіздер

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (әрі қарай – «ХАС») сәйкес жүргіздік.

Біздің жауапкершілігіміз, көрсетілген стандарттарға сәйкес, әрі қарай біздің қорытындымыздың «*Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі*» тарауында ашылады. Біз Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес компанияға қатысты тәуелсізбіз және осы талаптарға сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіз болуға жеткілікті және лайықты деп санаймыз.

Басшылық пен Корпоративтік басқару, қаржылық есептілік үшін жауапты тұлғаның жауапкершілігі

Басшылық ХҚЕС сәйкес көрсетілген қаржылық есептілікті дайындауға және оны дұрыс ұсынуға және басшылық жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланулары жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты болады.

Басшылық пен Корпоративтік басқару, қаржылық есептілік үшін жауапты тұлғаның жауапкершілігі (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық есептілікті дайындағанда басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауы, өз қызметін үздіксіз жалғастыруы, қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді тиісті жағдайларда ашу үшін үшін, және қызметтің үздіксіздігі туралы болшау негізінде қаржылық есептіліктің жасалуы үшін жауапты болады, басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдіргеннен өзге жағдайларда, немесе тарату немесе қызметті тоқтатудан өзге нақты балама жоқ кезді қоспағанда.

Корпоративтің басқару үшін жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін қадағалау үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілік үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланулар болмайтынына ақылға қонымды сенімділік алу және біздің пікіріміз кіретін аудиторлық қорытынды шығару болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік дегенеміз сенімділіктің жоғары деңгейі, бірақ МСА ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит егер бұрмалаулар болса үнемі елеулі бұрмалануларды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды. Бұрмаланулар жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтықта осы қаржылық есептілік негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп болжауға болатын болса, маңызды болып саналады.

ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды әзірлейміз және жүргіземіз; өзіміздің пікірімізді білдіруге негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау қатері қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау қатерінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізіп жіберу, ақпаратты бұрмаланған түрде ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттері жатуы мүмкін;
- Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінуге қол жеткіземіз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және тиісті ақпаратты ашуды бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігіне жол беруді қолданудың заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде – «Нұрбанк» Еншілес ұйымы» АҚ «Money Experts» АҚ-ның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туындауы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздік бар-жоғы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы қорытындыға келсек, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ақпаратты ашу орынсыз болса, өз пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық қорытындыға дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің тұтастай тапсырылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ қаржылық есептілік оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуы қамтамасыз етілетіндей етіп тапсырылуын бағалауды жүргіземіз;

Қаржылық есептілік үшін аудитордың жауапкершілігі (ЖАЛҒАСЫ)

Біз «Нұрбанк» Еншілес ұйымы» АҚ «Money Experts» АҚ» аудитінің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша айтарлықтай ескертулер, оның ішінде аудит процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің маңызды кемшіліктері туралы ақпаратты олардың назарына жеткізе отырып, корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз.

Евгений Жемалетдинов

Тапсырма бойынша серіктес

Білікті аудитор
Қазақстан Республикасы
Біліктілік куәлігі №МФ-00000553 күні 20
желтоқсан 2003 жыл

26 ақпан 2024 жыл
Қазақстан Республикасы, Алматы
қ.

Ержан Досымбеков

«Grant Thornton» ЖШС Бас директоры

Мемлекеттік лицензия № 18015053 3 тамыз
2018 жылы Қазақстан Республикасы аумағындағы
аудиторлық қызметпен айналысуға Қазақстан
Республикасының Қаржы министрлігінің ішкі
мемлекеттік аудит комитеті берген

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН КІРІСТЕР НЕМЕСЕ ШЫҒЫНДАР ЖӘНЕ БАСҚА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңге	Прим.	2023 год	2022 год
Комиссиялық табыстар	5	24,006	35,201
Комиссионные расходы	5	(19,860)	(21,678)
Таза комиссиялық табыс		4,146	13,523
Пайыздық табыстар	6	224,433	173,244
Пайыздық шығыстар		(1,477)	(1,950)
Таза пайыздық табыс		222,956	171,294
Қызметкерлерге шығыстар	7	(127,406)	(102,846)
Әкімшілік шығыстар	8	(48,070)	(46,147)
Пайды не шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын Қаржы аспаптары бойынша таза пайда		13,597	9,657
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін тануды тоқтату нәтижесіндегі			
таза (шығын)/табыс		(13,628)	9,725
Шетелдік валютамен операциялардан таза (шығын)/табыс		(71)	76
Дивидендті табыс		2	1,264
Өзге табыстар/(шығыстар)		1,635	(16,532)
Корпоративтік табыс салығына дейін пайда		53,161	40,014
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнем	9	314	291
Бір жылғы табыс		53,475	40,305
Өзге жиынтық табыс, табыс салығынан кейін			
<i>Белгілі бір шартты орындағанда қайта жіктеу нәтижесінде пайда не шығын құрамына жатқызылатын өзге жиынтық табыс:</i>			
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қарыз құралы бойынша күтілетін кредиттік шығындарға бағалау резервінің өзгеру шамасы (салық әсері – нөл)		821	(Ю7)
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қарыз құралының шығып кетуі нәтижесінде пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелген сома		(13,628)	(9,725)
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қарыз құралдарының әділ құны өзгерісінің таза шамасы		16,674	3,631
Жиыны пайда не шығын құрамына қайта жіктелетін баптар		3,867	(6,201)
<i>Белгілі талаптарды орындағанда қайта жіктеу нәтижесінде пайда не шығын құрамына жатқызылмайтын өзге жиынтық табыс:</i>			

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

Өзге жиынтық табыс арқылы бағаланатын үлестік құралдардың әділ құны өзгерісінің

Таза шамасы	14	-
Жиыны пайда не шығын құрамына қайта жіктелмейтін баптар	14	-
Жиыны бір жылғы өзге жиынтық табыс/(шығын)	3,881	(6,201)
Жиыны бір жылғы салық шегерілген табыс салық	57,356	34,104

2024 жылғы 26 ақпандағы Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы
6-шыдан 31 -ші бетке дейінгі қосымша берілген ескертпе осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН ЖАҒДАЙЫ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңге	Ескертпе	31 желтоқсан 2023 года	31 желтоқсан 2022 года
АКТИВЫ			
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	10	8,059	19,564
Инвестициялық бағалы қағаздар	И	1,528,154	1,456,748
Комиссиялық сыйақылар алуға		2,987	3,147
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер		9,447	16,029
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	9	1,098	784
Өзге активтер		11,104	10,311
Жиыны активтер		1.560.849	1,506,583
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Өзге міндеттемелер		18,271	21,361
Жиыны міндеттемелер		18,271	21.361
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	12	715,000	715,000
Өзге резервтер	12	(20,048)	(23,929)
Бөлінбеген пайда		847,626	794,151
Жиыны капитал		1.542.578	1.485,222
Жиыны міндеттеме мен капитал		1.560.849	1,506,583

6-шыдан 31 -ші бетке дейінгі қосымша берілген ескертпе осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма төрағасы Ляззат Шайхиева

Бас бухгалтер Берик Оразбаев

26 ақпан 2024 жыл Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ҚОЗҒАЛЫСЫ
ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңге	Ескертпе	2023 жыл	2022жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН БОЛАТЫН АҚША ҚАРАЖАТЫ			
Алынған комиссиялық табыстар		23,653	36,137
Төленген комиссиялық шығыстар		(22,331)	(21,678)
Алынған пайыздық табыстар		257,745	149,344
Төленген пайыздық шығыстар		-	(1,150)
Алынған дивидендтер		-	1,264
Төленген қызметкерлерге кеткен шығыстар		(108,467)	(104,202)
Бағалы қағаздар саудасынан табыстар		11,396	-
Өзге төленген әкімшілік шығыстар		(70,780)	(41,011)
Операциялық қызметтен бастап операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі ақша қаражаттарының қозғалысы		91,216	17,904
<i>Операциялық активтердің өсуі</i>			
Өзге активтері		-	(1,059)
<i>Операциялық міндеттемелерді арттыру</i>			
Өзге міндеттемелер		-	3,308
Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары		91,216	20,153
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Инвестициялық бағалы қағаздарды сату және өтеу		13 899 774	4,153,475
Инвестициялық бағалы қағаздар сатып алу		(14,001,920)	(4,198,968)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер сатып алу		(575)	(1,226)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағыны		(102,721)	(44,470)
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының таза азюы		(11,505)	(26,566)
Ақшалай қаражат және олардың баламалары 1 қаңтарға	10	19,564	46,130
Ақшалай қаражат және олардың баламалары 31 желтоқсанға	10	8,059	19,564

6-шыдан 31 -ші бетке дейінгі қосымша берілген ескертпе осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

26 ақпан 2024 жыл Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

»
2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңге	Акционерлік капитал	өзге резервтер	Бөлінбеген пайда	Барлығы капитал
2022 жылғы 1 қаңтар жағдайындағы қалдық	715,000	(17,728)	753,846	1,451,118
Жалпы жиынтық табыс				
Бір жылғы табыс	-	-	40,305	40,305
Өзге жиынтық табыс				
<i>Өзге жиынтық табыс, кейіннен пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуге жатады</i>				
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қарыз құралдарының әділ құны өзгерісінің таза шамасы (ССПСД)	-	3,631	—	3,631
Пайда мен шығын құрамына ауыстырылған шыққан кезде ССПСД бойынша бағаланатын қарыздық құралдардың әділ құнының таза өзгеруі	-	(9,725)	-	(9,725)
ССПСД бойынша бағаланатын қарыздық аспаптар бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервінің өзгеру шамасы (11 қосымша)	-	(107)	-	(107)
<i>Жиыны өзге табыс салығы</i>	-	(6,201)	-	(6,201)
Жылдағы жалпы жиынтық табыс салығы	-	(6,201)	40305	34,104
31 желтоқсан 2022 жыл жағдайы бойынша қалдық	715,000	(23,929)	794,151	1,485,222
Жалпы жиынтық табыс				
Бір жылғы табыс	-	-	53,475	53,475
Өзге жиынтық табыс				
<i>Өзге жиынтық табыс, кейіннен пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуге жатады</i>				
ССПСД бойынша бағаланатын қарыз аспаптарының әділ құны өзгерісінің таза шамасы	□ -	16,6/4	-	16,674
ССПСД бойынша бағаланатын қарыздық аспаптар бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервінің өзгеру шамасы (11 қосымша)	-	821	*	821
Пайда мен шығын құрамына ауыстырылған шыққан кезде ССПСД бойынша бағаланатын қарыздық құралдардың әділ құнының таза өзгеруі	-	(13,628)	-	(13,628)
Жиыны, пайда не шығын құрамына қайта жіктелетін баптар	-	3,867	-	3,867
<i>Қайты жіктеу нәтижесінде пайда не шығын құрамына жатпайтын өзге жиынтық табыс</i>				
ССПСД бойынша бағаланатын қарыз аспаптарының әділ құны өзгерісінің таза шамасы	-	14	-	14
Жиыны, пайда не шығын құрамына қайта жіктелетін баптар	-	14	*	14
<i>Жиыны өзге жиынтық табыс</i>		3381	-	3,881
1 жылғы жалпы жиынтық табыс		3,881	53,475	57,356
2023 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша қалдық	715,000	(20,048)	847,626	1,542,578

Басқарма Төрағасы Ляззат Шайхиева

Бас бухгалтер Берик Оразбаев

26 ақпан 2024 года

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Нұрбанк» Еншілес ұйымы» АҚ «Money Experts» АҚ» (әрі қарай - «Компания») Қазақстан Республикасында 2002 жылғы 21 наурызда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды. Компания бағалы қағаздар шығарумен айналысады және клиенттерге бағалы қағаздар шығару және андеррайтинг қызметтерін ұсынады, брокерлік және активтерді сенімгерлік басқару қызметтерін ұсынады.

Компания лицензия негізінде қызметті жүзеге асырады:

- 2007 жылғы 4 маусымдағы №0401201611, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (әрі қарай – «Агенттік») номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға берген.
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2014 жылғы 1 шілдедегі №0403200727, ерікті зейнетақы жарналарын жұмылдыру құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға (әрі қарай – «ҚРҰБ») берген. Бұл лицензияны Агенттік алғаш рет 2007 жылғы 4 маусымда берген.

Компания келесі мекен-жайда тіркелген: Қазақстан Республикасы, А15K0K9 Алматы қ., ул. Желтоқсан, 173.

2022 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсан жағдайы бойынша Компанияның жалғыз акционері (әрі қарай – «Бас ұйым») «Нұрбанк» АҚ болып табылады. Ақырғы бақылаушы тарап Э.Р. Сарсенов мырза.

Компания өз қызметін Қазақстан аумағында жүзеге асырады. Нәтижесінде Компания дамушы нарықтарға тән сипаттамаларды көрсететін Қазақстан нарықтарындағы экономикалық және қаржылық тәуекелдерге тап болады. Нормативтік құқықтық база мен салық заңнамасы жетілдіруді жалғастыруда, бірақ әртүрлі түсіндірулерге мүмкіндік береді және құқықтық және фискалдық жүйелердің өзге де кемшіліктерімен бірге Қазақстанда өз қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін қосымша қиындықтар туғызатын жиі енгізілетін өзгерістерге ұшырайды. Қазақстанның негізгі экономикалық әріптестері болып табылатын әлемдік нарықтардағы мұнай бағасына және шектес мемлекеттер валюталарының бағамына байланысты теңгенің ұлттық валютасының құбылмалылығы шаруашылық қызметті жүргізу жағдайларында едәуір беймәлімділік туғызады. Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік басшылықтың Қаржы-шаруашылық қызметті орындаудың қолданыстағы шарттарының қызмет нәтижелеріне ықтимал әсерін бағалауын көрсетеді.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ӘЗІРЛЕУ НЕГІЗДЕРІ

ХҚЕС-ге сәйкес мәлімдеме

Қосымша берілген қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалды (әрі қарай - «ХҚЕС»).

Құнды анықтауға арналған база

Қаржылық есептілік әділ құны бойынша есепке алынатын инвестициялық бағалы қағаздардан өзге, тарихи құны бойынша есепке алу принциптеріне сәйкес жасалды (11-ші Ескертпе)

Функционалдық валюта және есептілікті тапсыру валютасы

Компанияның функционалдық валютасы қазақстандық теңге (әрі қарай – «теңге») болып табылады, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы болып табыла отырып, Компания жүргізетін операциялардың көпшілігінің экономикалық мәнін және олардың қызметіне әсер ететін соған байланысты мән-жайларды жақсы көрсетеді.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ӘЗІРЛЕУ НЕГІЗДЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Функционалдық валюта және есептілік тапсырылатын валюта (жалғасы)

Қазақстан теңгесі осы қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы болып табылады. Қаржылық есептіліктің барлық деректері мың теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектелген.

Компания өтімділіктің кему тәртібінде қаржылық жағдай туралы есепті ұсынады. Қаржылық активтер мен міндеттемелердің өтімділігін талдау 19-шы ескертпеде келтірілген.

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Есептік саясаттағы өзгерістер

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті жасағанда қабылданған Есеп саясаты 2023 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген стандарттардың төменде енгізілген қабылданған жаңа редакцияларын қоспағанда, алдыңғы есепті жылы қолданылған есеп саясатына сәйкес келеді. Компания шығарылған, бірақ күшіне енген кез келген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Ағымдағы жылға қатысты күшіне енген жаңа және түзетілген ХҚЕС

Ағымдағы жылы Компания 2023 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі есепті кезең ішінде міндетті түрде күшіне енетін Халықаралық есепке алу стандарттары кеңесі (IASB) шығарған ХҚЕС бойынша бухгалтерлік есеп стандарттарына бірқатар түзетулер енгізді. Оларды қолдану ақпаратты ашуға немесе осы қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға айтарлықтай әсерін тигізген жоқ.

- ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары»
- ХҚЕС-ке түзетулер (IAS) 1 — «Қысқа мерзімді немесе ұзақмерзімді міндеттемелер жіктелмесі»
- ХҚЕС-ке түзетулер (IAS) 8 — «Бухгалтерлік бағалауды анықтау»
- ХҚЕС-ке түзетулер (IAS) 1 — «Маңыздылық туралы пайымдауды Есеп саясаты туралы ақпаратты ашуға қолдану»
- ХҚЕС-ке түзетулер (IAS) 12 — «Бір операциядан туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық»

Компания жоғарыда көрсетілген стандарттарды қолдану компанияның келесі кезеңдердегі қаржылық есептілігіне елеулі әсерін тигізеді деп күтпейді.

Шығарылған, бірақ күшіне енген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС

Осы қаржылық есептілікті бекіту сәтінде Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енген келесі жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қолданған жоқ:

- ХҚЕС-ке түзетулер (IAS) 1 - «Ұзақ мерзімді міндеттемелер ковенанттармен»
- ХҚЕС-ке түзетулер (IFRS) 16 - «Кері жалдаумен сату операциясы аясында жандау бойынша міндеттеме»
- ХҚЕС-ке түзетулер (IAS) 7 и МСФО (IFRS) 7 — «Жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісім»

Компания жоғарыда көрсетілген стандарттарды қолдану Компанияның алдағы кезеңдердегі қаржылық есептілігіне елеулі әсер етеді деп күтпейді.

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Әділ құнды бағалау

Компания пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша (әрі қарай - «ССПУ») көрсетілетін және Өзге жиынтық табыс (әрі қарай - «ССПСД») арқылы әділ құны бойынша, әр есепті күнгі әділ құны бойынша қаржы құралдарын бағалайды.

Әділ құн-бұл активті сатқаны үшін алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында әдеттегідей жасалған мәміле аясында міндеттемені бергені үшін төленетін баға. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле жасалды деп болжайды:

- немесе осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- немесе негізгі нарық болмаған жағдайда, осы актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта.

Компания негізгі немесе ең қолайлы нарыққа қол жеткізуі тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын анықтағанда пайдаланатын болжамдарды пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өз мүддесі үшін әрекет етеді деп болжанады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының активті ең жақсы және ең тиімді түрде пайдаланудан немесе оны осы активті ең жақсы және ең тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сатудан экономикалық пайда алу мүмкіндігін ескереді.

Компания қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді, бұл ретте тиісті бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдалана отырып және бақыланбайтын бастапқы деректерді барынша аз пайдалана отырып, бағалаудың осындай әдістемелерін пайдаланады.

Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер төменде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы аясында ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде жіктеледі, олар жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылады:

- 1 деңгей – бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық баға белгілеу (ешқандай түзетулерсіз).
- 2 деңгей – иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама түрде байқалатын бағалау модельдері.
- 3 деңгей – иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта байқалмайтын бағалау модельдері.

Кезеңдік негізде қаржылық есептілікте танылатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Компания әрбір есепті кезеңнің соңындағы жіктеуді (жалпы алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде) қайта талдай отырып, иерархия көздерінің деңгейлері арасындағы аударым фактісін анықтайды.

Қаржылық құралдар

Бастапқы тану

Танылған күн

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді стандартты шарттармен сатып алу немесе сату мәміле жасалған күні, яғни Компания активті немесе міндеттемені сатып алу бойынша міндеттемені өз мойнана алған күні көрсетіледі. Стандартты шарттармен сатып алуға немесе сатуға шарттар бойынша нарықта қабылданған ережелерде немесе келісімдерде белгіленген мерзім шегінде активтер мен міндеттемелерді жеткізу талап етілетін шарт шеңберінде қаржы активтері мен міндеттемелерін сатып алу немесе сату жатады.

Бастапқы бағалау

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарының жіктелуі шарттық талаптарға және құралдарды басқару үшін қолданылатын бизнес-модельге байланысты. Қаржылық құралдар бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады, оның ішінде мәмілелер бойынша шығындармен қоса, қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер ССПУ бойынша бағаланғаннан өзге жағдайларда.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін бағалау санаттары

Компания өзінің барлық қаржылық активтерін келесілер бойынша бағаланатын активтерді басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модель және активтердің шарттық талаптары негізінде жіктейді:

- амортизацияланған құны;
- ССПСД (әділ құны Өзге жиынтық табыс арқылы);
- ССПУ (әділ құны пайда немесе шығын арқылы).

Компания саудаға арналған туынды құралдар мен саудаға арналған құралдарды ССПУ бойынша жіктейді және бағалайды. Компания өз қалауы бойынша Қаржылық құралдарды ССПУ бойынша бағаландар ретінде жіктей алады, егер мұндай жіктеу бағалау немесе тану принциптерін қолданудың ретсіздігін жоюға немесе айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берсе.

Қаржылық міндеттемелер егер олар сауда-саттыққа немесе туынды құралдарға арналған болса, немесе ұйымның қалауымен әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелсе, амортизацияланған құн бойынша немесе ССПУ бойынша бағаланады.

ССПСД бойынша бағаланытын қарыз құралдары

Компания қарыз құралдарын ССПСД бойынша бағалайды, егер келесі екі талап та орындалатын болса:

- құрал бизнес-модель аясында ұсталады, оның мақсатына шартта көзделген ақша ағындарын алу және қаржы активтерін сату арқылы қол жеткізіледі;
- қаржы активінің шарттық талаптары 8PP1 тест критерийлерін сақтайды.

ССПСД бойынша бағаланатын қарыз құралдары кейіннен әділ құн бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі нәтижесінде пайда немесе шығын өзге жиынтық табыстың құрамында танылады. Валюта бағамдарының өзгеруінен түскен пайыздық кіріс пен пайда немесе шығын амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері жағдайындағыдай пайда немесе шығын құрамында танылады. Тану тоқтатылған кезде бұрын өзге жиынтық табыстың құрамында танылған жинақталған пайда немесе шығын басқа жиынтық табыстың құрамынан пайда немесе шығынның құрамына қайта жіктеледі.

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ (ЖАЛҒАСЫ) 3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық құралдар (жалғасы)

Бастапқы тану (жалғасы)

ССПСД бойынша бағаланатын қарыз құралдары (жалғасы)

ССПСД бойынша бағаланатын қарыз құралдары бойынша күтілетін кредиттік шығындар әділ құн бойынша бағалауды жалғастыратын қаржылық жағдай туралы есепте осы қаржылық активтердің баланстық құнын төмендетпейді. Оның орнына, амортизацияланған құн бойынша активті бағалағанда жасалатын күтілетін залалдардың бағалау резервіне тең сома басқа жиынтық кірістің құрамында құнсыздандудың жинақталған сомасы ретінде танылады. Басқа жиынтық табыстың құрамында танылған шығындардың жинақталған сомасы активті тану тоқтатылғанда пайда немесе шығын құрамына қайта жіктеледі.

Ақшалай қаражат және олардың баламалары

Ақшалау қаражатқа банк шоттарындағы ақша және кассадағы ақша кіреді. Айырбастау операцияларына немесе есепті күннен кейін кемінде он екі ай ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға шектеулер қойылған ақша қаражатының қалдықтары өзге де ұзақ мерзімді активтердің құрамына енгізіледі.

Банкілердегі шоттар мен депозиттер

Өзінің әдеттегі қызметі барысында Компания қаражатты орналастырады және басқа банктерге салымдарды әр түрлі мерзімге салады. Өтеу мерзімі тынақты банктердегі шоттар кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша өлшенеді. Белгіленген мөлшерлемелері жоқ ақша амортизацияланған құн бойынша күтілетін өтеу мерзімдері негізінде есепке алынады. Банктердегі шоттар мен депозиттер, егер бар болса, құнсыздандудан күтілетін кредиттік шығын үшін резервті шегергенде есепке алынады.

Репо және кері репо мәмілелері

Қайта сатып алу міндеттемесі бар сату туралы келісімдер (репо мәмілелері) аясында сатылған бағалы қағаздар бағалы қағаздар кепілімен қамтамасыз етілген қаржыландыруды тарту жөніндегі операциялар ретінде көрсетіледі, бұл ретте бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілуін жалғастырады, ал контрагенттер алдындағы міндеттемелер репо мәмілелері бойынша кредиторлық берешектің құрамына кіреді. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырмашылық пайыздық шығысты білдіреді және тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып репо мәмілесі әрекет еткен кезеңдегі пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Қаржылық құралдар (жалғасы)

Қаржы құралдарының өзара есебі

Қаржылық жағдай туралы есепте тек таза сальдо көрсетіле отырып, қаржылық активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу міндеттемені реттеумен бір мезгілде өзара есепке алуды жүргізу және активті өткізу ниеті заңды түрде бекітілген құқық болған кезде ғана жүзеге асырылады. Бұл, әдетте, өзара есеп айырысу туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте толық көлемде көрсетіледі.

Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату

Қаржылық активтер

Қаржылық активтер (немесе, қаржы активінің бір бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігі қолданылатын жерде) қаржылық жағдай туралы есепте танылуды тоқтатады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығын қолданатын мерзімі аяқталды;
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын берді немесе алынған ақша ағындарын «транзиттік» келісім талаптарымен үшінші тарапқа айтарлықтай кідіріссіз толығымен аудару міндеттемесін қабылдады; сондай-ақ
- Компания немесе (а) активтің барлық тәуекелдері мен пайдасын берді, немесе (б) Бермеген, бірақ активтің барлық тәуекелдері мен пайдасын сақтамайды, бірақ осы активке бақылау жасауды береді.

Егер Компания активтен ақша ағындарын алуға өз құқығын берген жағдайда, бұл ретте осы беруге байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде бермесе, сақтап қалмаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, мұндай актив Компанияның осы активке әрі қарай жалғасқан қатысуы шегінде есепке алуда көрсетіледі. Берілген актив бойынша кепілдік формасына ие активке қатысуды жалғастыру активтің бастапқы баланстық құнының ең аз мәні және Компанияның төлеміне ұсынылуы мүмкін өтемнің максималды мөлшері бойынша бағаланады.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемені тануды тоқтату тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда орын алады.

Қолданыстағы бір қаржылық міндеттемені сол кредитор алдындағы басқа міндеттемемен, елеулі айырмашылығы бар талаптармен ауыстырған кезде немесе қолданыстағы міндеттеменің талаптарына елеулі өзгерістер енгізілген жағдайда бастапқы міндеттеме есептен алынады, ал жаңа міндеттеме пайда немесе шығын құрамындағы міндеттемелердің баланстық құнындағы айырманы тани отырып, есепте көрсетіледі.

Күтілетін кредиттік шығындар

Компания егер бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік шығын айтарлықтай ұлғайған болса, амортизацияланған құн бойынша және әділ құн бойынша өзге жиындық табыс арқылы бағаланатын қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындар үшін бағалау резервін бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарға тең сомада таниды. Компания өзге жиындық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активінің баланстық құнын төмендетпейді, бірақ өзге жиынтық табыстың құрамындағы бағалау резервін таниды.

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ (ЖАЛҒАСЫ) 3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық құралдар (жалғасы)

Күтілетін кредиттік шығындар (жалғасы)

Бастапқы танылған сәттен бастап қаржы активі бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы бар-жоғын анықтағанда, Компания күтілетін кредиттік шығындар сомасының өзгеруіне емес, кредиттік құралдың қолданылу мерзімі ішінде дефолт тәуекелінің өзгеруіне бағдарланады. Егер қаржы активі бойынша шартта көзделген ақша ағындарының талаптары қайта қаралса немесе өзгертілсе және қаржы активін тану тоқтатылмаса, Компания қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өзгергенін салыстыру арқылы бағалайды:

- есепті күнгі жағдай бойынша дефолттың туындау тәуекелін бағалау (өзгертілген шарттық талаптар негізінде);
- бастапқы танығандағы дефолт тәуекелін бағалау (бастапқы өзгертілмеген шарттық талаптар негізінде)

Егер кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы болмаса, Компания қаржы активі бойынша 12 айлық күтілетін кредиттік шығынға тең сомада шығындар үшін бағалау резервін таниды, келесілерді қоспағанда:

- 1) сатылып алынған немесе жасалған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері;
- 2) саудалық дебиторлық берешек.

(1)-(2) тармақтарда көрсетілген қаржылық активтер бойынша Компания бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар сомасында шығындарға арналған резервті бағалайды.

Егер алдыңғы есепті кезеңде Компания қаржы құралы бойынша шығынға арналған бағалау резервін бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығынға тең сомада бағаласа, бірақ ағымдағы есепті күндегі жағдай бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы жоқ екенін анықтаса, онда ағымдағы есепті күні Компания 12 айлық күтілетін кредиттік шығынға тең сомада бағалау резервін бағалауы тиіс.

Компания құнсызданудан түскен пайда немесе шығын ретінде есепті күндегі жағдай бойынша күтілетін кредиттік шығындар сомасына дейінгі шығындарға бағалау резервін түзету үшін қажетті соманы таниды.

Сатып алынған немесе жасалған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері бойынша Компания құнсызданудан болған шығынды қалпына келтіру ретінде бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындардың қолайлы өзгерістерін мойындайды, тіпті егер бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар бастапқы тану кезінде есептелген ақша ағындарына енгізілген күтілетін кредиттік шығындардың шамасынан аз болса да.

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау Компания күтілетін кредиттік шығындарды қаржы құралы бойынша есептейтін тәсілмен бағалайды:

- 1) ықтимал нәтижелер ауқымын бағалау жолымен анықталған объективті емес және ықтималдығын ескере отырып өлшенген соманы;
- 2) ақшаның уақытша құны;
- 3) есепті күні қолжетімді болған өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар және болжанатын болашақ экономикалық жағдайлар туралы негізделген және расталатын ақпарат.

Күтілетін кредиттік шығынды бағалағанда қаралатын максималды кезең – бұл Компания кредиттік тәуекелге ұшыраған шарт бойынша ең жоғары кезең (ұзартуға арналған опциондарды ескере отырып).

Қаржылық құралдар (жалғасы)

Күтілетін кредиттік шығындар (жалғасы)

Бастапқы танылған сәттен бастап несиелік тәуекелдің елеулі ұлғаюына байланысты бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарды тану мақсатына жету үшін кредиттік тәуекелдің топтық негізде қомақты өсуін бағалау қажет болуы мүмкін, мысалы, қаржылық құралдар тобы немесе кіші тобы бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуін көрсететін ақпаратты талдау арқылы. Бұл Компанияның кредиттік тәуекел айтарлықтай өскен жағдайда, тіпті жеке құрал деңгейінде кредиттік тәуекелдің осындай елеулі өсуін растау әлі қол жетімді болмаса да, бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарды тану мақсатына жетуіне кепілдік береді.

Қаржылық емес активтер

Кейінге қалдырылған салық активтерінен өзгеше қаржылық емес активтер, құнсыздану белгілерінің болуы тұрғысынан әрбір есепті күндегі жағдай бойынша бағаланады. Қаржылық емес активтердің өтелетін құны сағу шығындары мен пайдаланудан алынған құнды шегергендегі әділ құнның ең үлкен мәні болып табылады. Пайдалану құнын есептеу кезінде болашақта күтілетін ақша ағындары ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және осы активке тән тәуекелдерді көрсететін дисконттаудың салық мөлшерлемесін пайдалана отырып, олардың дисконтталған құнына дейін дисконтталады. Басқа активтер өндіретін ақша қаражаттарының ағындарынан қомақты дәрежеде тәуелсіз ақша қаражаттарының ағынын тудырмайтын актив үшін өтелетін құн актив тиесілі ақша қаражаттарын өндіретін активтер тобы бойынша анықталады.

Құнсызданудан болған шығын активтің немесе ақша қаражатын өндіретін активтер тобының баланстық құны оның өтелетін құнынан артып кеткен кезде танылады. Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған барлық шығындар пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі және өтелетін құнды айқындау кезінде пайдаланылатын бағалауларда өзгерістер болса ғана қалпына келтіруге жатады. Активтің құнсыздануынан болған кез келген шығын, егер құнсызданудан болған шығын қаржылық есептілікте көрсетілмесе, қалыптасатын осындай баланстық құннан (амортизация мен тозуды шегергенде) аспайтын көлемде қалпына келтіруге жатады.

Резервтер

Резерв егер өткен оқиғалардың нәтижелері бойынша компанияда заңды немесе конструктивті міндеттеме пайда болса және осы міндеттемені орындау экономикалық пайданың кетуіне әкеп соғуы мүмкін болса, қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Егер мұндай жағдайлардың әсері үлкен болып көрінсе, резервтің шамасы салық шегерілгенге дейін дисконттау мөлшерлемесін қолдана отырып, күтілетін болашақ ақша ағындарын дисконттау жолымен анықталады, бұл уақыт өте келе оның өзгеруін және қажет болған жағдайда осы міндеттемені орындауға байланысты тәуекелдерді ескере отырып, ақшаның нарықтық құнының ағымдағы бағасын көрсетеді.

Акционерлік капитал

Қарапайым акциялар

Қарапайым акциялар капитал ретінде жіктеледі. Қарапайым акциялар мен акцияларға опциондар шығаруға тікелей байланысты шығындар кез келген салық әсерлері шегерілген капиталдың азаюы ретінде танылады.

Дивидендтер

Компанияның дивидендтерді жариялау және төлеу қабілеті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес анықталады.

Қарапайым акциялар бойынша дивидендтер қаржылық есептілікте олардың жариялануына қарай бөлінбеген пайданы пайдалану ретінде көрсетіледі.

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ (ЖАЛҒАСЫ) 3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Салық салу

Корпоративтік табыс салығының сомасына ағымдағы корпоративтік табыс салығының сомасы және кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығының сомасы кіреді. Корпоративтік табыс салығы басқа жиынтық табыстың құрамында көрсетілетін операцияларға немесе меншік иелерімен тікелей капитал шоттарында көрсетілетін операцияларға қатысты сомаларды қоспағанда, тиісінше басқа жиынтық табыстың құрамында немесе тікелей капиталдың құрамында көрсетілетін пайда немесе шығын құрамында толық көлемде көрсетіледі.

Ағымдағы корпоративтік табыс салығы есепті күнгі жағдай бойынша қолданыста болған немесе мәні бойынша қолданысқа енгізілген корпоративтік табыс салығы бойынша мөлшемелерді, сондай-ақ алдыңғы есепті жылдардағы корпоративтік табыс салығы сомаларын нақтылау нәтижесінде пайда болған міндеттемелер сомасын ескере отырып, бір жылдағы салық салынатын пайданың болжамды мөлшеріне сүйене отырып есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері және кейінге қалдырылған салық міндеттемелері активтер мен міндеттемелердің қаржылық есептілікте көрсету мақсаттары үшін анақталатын баланстық құны мен олардың салық базасы арасында пайда болатын уақытша айырмашылықтарға қатысты көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері бухгалтерлік те, салық салынатын да пайдаға да әсер етпейтін мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде активтер мен міндеттемелерді бастапқы тану кезінде пайда болатын активтерге қатысты танылмайды.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін есептеу Компанияның есепті кезеңнің соңында активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын өтеуді немесе өтеуді жоспарлау тәсіліне байланысты салық салдарын көрсетеді.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің және кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің шамасы есепті күндегі жағдай бойынша қолданыстағы немесе мәні бойынша қолданысқа енгізілген заңдарға негізделі отырып, уақытша айырмашылықтар қалпына келтірілген сәтте болашақта қолданылатын салық мөлшерін негізге ала отырып анықталады.

Кейінге қалдырылған салық активтері болашақта уақытша айырмашылықтарды, қабылданбаған салық шығындарын және пайдаланылмаған салық жеңілдіктерін жабу үшін жеткілікті салық салынатын пайданы алу ықтималдығы бар мөлшерде көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтерінің мөлшері шегерілетін уақыт айырмашылықтарын пайдалануға болатын салық салынатын пайда алу ықтималдығы бар дәрежеде азаяды.

Табыстар мен шығыстарды мойындау

Табыстар танылады, егер Компанияның экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болса және кірістерді сенімді түрде бағалауға болатын болса. Қаржылық есептіліктегі табыстарды тану үшін келесі критерийлер де орындалуы тиіс:

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕ (ЖАЛҒАСЫ) 3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Табыстар мен шығыстарды тану (жалғасы)

Пайыздық және ұқсас табыстар мен шығастар

Компания пайыздық кірісті амортизацияланған құны бойынша немесе ССПСД бойынша бағаланатын қарыздық қаржы құралдары бойынша кредиттік-құнсызданған қаржы активтерінен басқа қаржы активтерінің немесе қаржылық міндеттемелердің жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы есептейді. Тиімді пайыздық мөлшерлеме — бұл дисконттау кезінде болашақ ақшалай төлемдер немесе түсімдер қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде немесе қолданылатын қысқа мерзім ішінде дәл қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына әкелетін мөлшерлеме. Есептеу кезінде қаржы құралы бойынша барлық шарттық шарттар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын, бірақ болашақ кредиттік шығындар ескерілмейтін құралмен тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығындар ескеріледі.

Кредиттік-құнсызданғанға айналатын қаржы активтері жағдайында Компания пайыздық кірісті есептейді, ол үшін осы қаржы активінің таза амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолданады. Егер қаржы активтері бойынша дефолт жойылса, және ол бұдан былай кредиттік-құнсызданған болып табылмаса, Компания жылпы құн негізінде пайыздық түсімдерді есептеуге қайта оралады.

Табыстар

Компания клиенттерге көрсететін қызметтердің әртүрлі түрлерінен табыс алады.

Комиссиялық табыс

Белгілі бір уақыт кезеңі ішінде қызмет көрсеткені үшін алынған комиссиялар осы кезең ішінде есептеледі. Мұндай баптарға Комиссиялық табыстар мен сыйақылар кіреді.

Акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу немесе бизнесті сатып алу немесе сату кезінде компанияның орындау міндеті келісім жасасу болып табылатын сияқты үшінші тараптың атынан операция жасау бойынша келіссөздер жүргізгені немесе қатысқаны үшін алынған комиссиялар осындай операция аяқталғаннан кейін танылады. Орындауға белгілі бір міндеттерге байланысты комиссиялар (немесе комиссиялардың бір бөлігі) тиісті критерийлер орындалғаннан кейін танылады. Егер шарт ауыспалы өтеуді көздейтін болса, Комиссиялық табыстар ауыспалы өтемеге тән белгісіздікті кейіннен шешкен кезде түсімнің жинақтаушы қорытындысы деп танылған соманың айтарлықтай азаюы мүмкін болмайтын дәрежеде ғана танылады.

Белгілі бір уақыт кезеңі ішінде қызмет көрсеткені үшін алынған комиссиялар осы кезең ішінде орындауға тиісті міндеттердің орындалуына қарай есептеледі. Мұндай баптарға Комиссиялық табыстар мен активтерді басқарғаны үшін сыйақы, номиналды брокердің қызметтері бойынша кірістер, жауапты сақтау және басқа да басқарушылық және консультациялық қызметтер кіреді. Егер кредитті пайдалану ықтималдығы жоғары болса, кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер үшін комиссиялар және кредиттер беруге байланысты өзге де комиссиялар болашақ кезеңдерге (қосымша шығындармен бірге) жатады және кредит бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені түзету ретінде танылады.

Шығыстар

Шығыстар Компанияға қызметтер көрсетілген кездегі есептеу әдісі бойынша танылады.

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕ (ЖАЛҒАСЫ) 3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Шетелдік валютаны қайта есептеу

Қаржылық есептілік теңгемен ұсынылып отыр, ол Компанияның функционалдық валютасы және ұсыну валютасы болып табылады. Шетел валютасындағы мәмілелер бастапқыда ҚРҰБ белгілеген мәміле күніндегі функционалдық валютаның нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер Қазақстан қор биржасы (әрі қарай – «ҚҚБ») белгілеген және есепті күні қолданыста болатын ресми валюта бағамы бойынша функционалдық валютада қайта есептеледі. Шетел валютасындағы операцияларды қайта есептегенде пайда болатын пайда мен шығын шетел валютасындағы операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі кірістер – бағамдық айырмашылықтар ретінде пайда немесе шығын және өзге де жиынтық табыс туралы есепте көрсетіледі.

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

Шетел валютасында бастапқы құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар бастапқы операция күніне ҚББ белгілеген ресми бағам бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құн бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құн анықталған күні қолданыста болатын ҚББ белгілеген ресми ауыстыру бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасындағы операция бойынша шарттық ауыстыру бағамы мен осындай операция күніндегі нарықтық бағам арасындағы айырмашылық шетел валютасындағы операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі табыстар құрамына енгізіледі.

2022 және 2003 жылғы 31 желтоқсанда нарықтық ақша ауыстыру курсы құрады:

<i>Валюта</i>	31 желтоқсан 2023 года	31 желтоқсан 2022 жыл
1 АҚШ доллары	454,56	462,65
1 евро	501,91	492,86

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУ МЕН БАҒАЛАУЛАР

Компанияның есеп саясатын қолдану үшін басшылық қаржылық есептілікте танылған сомаларды анықтауға қатысты өз пікірлерін пайдаланды және бағалаулар жасады. Төменде пайымдаулар мен бағалауларды пайдаланудың маңызды жағдайлары келтірілген:

Қаржы құралдарының әділ құны

Егер қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде анықтау мүмкін болмаса, ол математикалық модельдерді қамтитын әртүрлі бағалау модельдерін қолдану арқылы анықталады. Мұндай модельдер үшін бастапқы деректер, егер мүмкін болса, бақыланатын нарық негізінде анықталады; олай болмаған күнде әділ құнды анықтау үшін пайымдауды қолдану қажет.

Күтілетін кредиттік шығындар

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдарға» сәйкес қаржы активтерінің барлық санаттары бойынша пайымдауды қолдануды талап етеді, атап айтқанда, ОКУ-ды анықтау және несиелік тәуекелдің елеулі өсуін бағалағанда болашақ ақша ағындарының пайда болу мөлшері мен мерзімдерін және қамтамасыз ету құнын бағалау қажет. Мұндай есептік бағалау бірқатар факторларға байланысты, олардың өзгеруі құнсыздану үшін бағалау резервтерінің әртүрлі сомаларына әкелуі мүмкін.

Компанияның ОКУ есептеулері бастапқы деректердің айнымалыларын және олардың өзара тәуелділіктерін таңдауға қатысты бірқатар негізгі болжамдарды қамтитын күрделі модельдердің нәтижесі. ОКУ есептеу модельдерінің элементтері, олар пайымдаулар мен есептеулер болып саналады, келесілерді қамтиды:

- дефолт ықтималдығын (PD) анықтау үшін Компания пайдаланатын ішкі кредиттік рейтингті тағайындау жүйесі;

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕ (ЖАЛҒАСЫ)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУ МЕН БАҒАЛАУЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Күтілетін кредиттік шығындар (жалғасы)

- Компанияның кредиттік тәуекелдің қомақты өсуін бағалау үшін қолданатын критерийлері, нәтижесінде қаржылық активтер бойынша құнсыздануды бағалайтын бағалау резерв бүкіл мерзім ішінде ОКУ-ға тең сомада бағалануы тиіс және сапалы бағалау;
- қаржылық активтерді топтарға біріктіру, олар бойынша ОКУ топтық негізде бағаланғанда;
- ОКУ есептеу модельдерін әзірлеу, әр түрлі формулаларды және бастапқы деректерді таңдаумен қоса;
- макроэкономикалық сценарийлер мен экономикалық деректер арасындағы өзара байланыстарды анықтау, мысалы, жұмыссыздық деңгейі мен қамтамасыз ету құны, сондай-ақ дефолт ықтималдығы көрсеткіштеріне әсерге (PD), дефолт тәуекеліне ұшыраған шамаға (EAD) және дефолт кезіндегі шығындар деңгейіне (LGD) әсер ету;
- болжамды макроэкономикалық сценарийлерді таңдау және оларды ОКУ бағалау модельдері үшін экономикалық бастапқы деректерді алу ықтималдығын ескере отырып ойластыру.

Аренда – қосымша қарыз қаражатын жұмылдыру мөлшерлемесін бағалау.

Компания жалдау шартында көрсетілген пайыздық мөлшерлемені оңай анықтай алмайды, сондықтан ол жалдау бойынша міндеттемелерді бағалау үшін қосымша қарыз жұмылдыру мөлшерлемесін пайдаланады. Қосымша қарыз қаражатын жұмылдыру мөлшерлемесі ставкасы – бұл Компания ұқсас мерзімге және ұқсас қамтамасыз ету кезінде ұқсас экономикалық жағдайларда пайдалану құқығы формасындағы актив құнына ұқсас құны бар активті алу үшін қажетті қарыз қаражатын тарта алатын пайыздық мөлшерлеме. Осылайша, қосымша қарыз қаражаттарын жұмылдыру мөлшерлемесі Компанияның «төлеуі тиіс» пайызын көрсетеді және оның анықтамасы бақыланатын мөлшерлемелер болмаса есептік бағалауды пайдалануды талап етеді.

Салық салу

Қазақстанда негізгі салық мәселелерін реттейтін бірыңғай Салық кодексі қолданылады. Қолданыстағы салықтарға қосылған құн салығы, корпоративті табыс салығы, әлеуметтік және басқа салықтар жатады. Ведомстволар арасында да, бір ведомство ішінде де ережелерді құқықтық түсіндіруге қатысты әртүрлі пікірлер жиі кездеседі, бұл кейбір белгісіздік пен жанжалды жағдайларды тудырады. Салық декларациялары, сондай-ақ басқа да құқықтық реттеу салалары (мысалы, кедендік және валюталық бақылау мәселелері) заң бойынша елеулі айыппұлдар, өсімпұлдар мен тұрақсыздық айыбын салуға құқығы бар бірнеше ведомстволардың бақылауында болады. Мұндай жағдай, мысалы, салық заңнамасының барынша дамыған жүйелері бар басқа елдерге қарағанда, Қазақстанда салық тәуекелдерінің ықтималдығының үлкен дәрежесін тудырады.

Басшылық Компания өз қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының салық заңнамасының ережелерін ұстанады деп санайды. Алайда, тиісті органдардың даулы салық мәселелеріне қатысты өзге позицияларды ұстануы ықтимал деген тәуекел қалады.

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕ (ЖАЛҒАСЫ)

5. ТАЗА КОМИССИЯЛЫҚ ТАБЫС

Мың теңге	2023 год	2022 жыл
Комиссиялық табыстар		
Брокерлік операциялар	24,000	34,753
Өзгелер	6	448
	24,006	35,201
Комиссиялық шығыстар		
Есеп шоттарға қызмет көрсету	(13,720)	(12,943)
Кастодиалдық қызметтер	(144)	(4,730)
КФБ комиссиясы	(5,606)	(3,754)
Өзгелер	(390)	(251)
	(19,860)	(21,678)
Таза комиссиялық табыс	4,146	13,523

6. ПАЙЫЗДЫҚ ТАБЫСТАР

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

Мың теңге	2023 жыл	2022 жыл
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын Инвестициялық бағалы қағаздар	207,123	157,081
Кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	17,310	16,163
	224,433	173,244

7. РАСХОДЫ НА ПЕРСОНАЛ

Мың теңге	2023 жыл	2022 жыл
Қызметкерлерге сыйақы	115,318	93,129
Салықтар мен еңбек ақы бойынша аударымдар	12,088	9,717
	127,406	102,846

8. ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

Мың теңге	2023 жыл	2022 жыл
Байланыс қызметі және ақпараттық қызметтер	14,869	14,305
Кәсіби қызметтер	11,277	10,637
Амортизация	8,844	8,041
Жөндеу мен қызмет көрсету шығындары	5,280	4,800
Салықтар мен бюджетке төлемдер, корпоративті табыс салығынан өзге	3,489	3,922
Өзгелер	4,311	4,442
	48,070	46,147

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕ
(ЖАЛҒАСЫ)

9. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Мың теңге	2023	2022 жыл
Ағымдағы корпоративтік салық бойынша шығыстар	-	-
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша үнем	314	291
Барлығы корпоративтің табыс салығы бойынша үнем	314	291

Әрі қарай 2023 және 2022 жылдардағы 20% қолданыстағы мөлшерлеме бойынша Қазақстан Республикасындағы КТС/КПН салғанға дейін кіріске қолданылатын корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар мен 31 желтоқсанда аяқталатын жылғы ағымдағы КТС бойынша шығыстар арасында салыстыру берілген:

Мың теңге	2023 жыл	2022 жыл
Салық салғанға дейінгі пайда		
Қолданыстағы мөлшерлемеге сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығы	-	-
Салық алынбайтын табыстар	(10,635)	(8,003)
Шегерілмейтін шығыстар	41,425	23,711
Барлығы корпоративтің табыс салығы бойынша үнем	(30,476)	(15,417)
	314	291

2023 және 2022 жылдар ішіндегі уақыттық айырмашылық шамасының өзгерісі:

Мың теңге	2021 жылғы 31	Пайда не шығын		Пайда не шығын	2023 жылғы 31
	желтоқсандағы қалдық	құрмында танылды	2022 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	құрамында танылды	желтоқсандағы қалдық
Негізгі қаражат Демалыстар бойынша есептелген шығыстар	(166)	59	(107)	100	(7)
	659	232	891	214	1,105
Кейінге қалдырылған салық активі	493	291	784	314	1,098

10. АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Мың теңге	31 желтоқсан 2023 жыл	31 желтоқсан 2022 жыл
Қаржы ұйымдарындағы ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат		
В- - В+ кредиттік рейтингтеріне ие Қазақстан банкілері «Бағалы қағаздардың орталық депозитарий» АҚ	1,263	285
Қаржы ұйымдарының ағымдағы шоттарындағы барлық ақшалай қаражат	2,052	554
Кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	6,007	19,010
Барлығы ақшалай қаражат пен оның баламалары	8,059	19,564

Кредиттік рейтингтер «Standard and Poor 's» рейтингтік агенттігінің стандарттарына сәйкес немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас стандарттарына сәйкес ұсынылған.

2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсанға кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешекке салынған мемлекеттік бағалы қағаздардың әділ құны тиісінше 6,001 мың теңгені және 19,010 мың теңгені құрады.

Ақшалай қаражат және олардың баламалары құнсызданған да, мерзімі өткен де болып табылмайды.

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕ
(ЖАЛҒАСЫ)

11. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Инвестициялық бағалы қағаздарға келесі позициялар кіреді:

Мың теңге	31 желтоқсан 2023 жыл	31 желтоқсан 2022 жыл
ССПСД бойынша бағаланатын қарыздық инвестициялар		
ҚРҰБ қысқа мерзімді ноталары	1,502,343	445,972
Қаз.Респ. Қаржы министрлігінің мемлекеттік қазынашылық міндеттемелері	-	560,965
Корпоративтік облигациялар	-	424,014
ССПСД бойынша бағаланатын қарыздық инвестициялар	1,502,343	1,430,951
ССПСД бойынша бағаланатын үлестік инвестициялар		
Бас ұйымның қарапайым акциялары	17,306	17,306
Бас ұйымның артықшылықты акциялары	8,505	8,491
ССПСД бойынша бағаланатын үлестік инвестициялар	25,811	25,797
Жиыны ССПСД бойынша бағаланатын инвестициялар	1,528,154	1,456,748
	31 желтоқсан 2023 жыл	31 желтоқсан 2022 жыл
Мың теңге		
ССПСД бойынша бағаланатын үлестік инвестициялар		
Корпоративтік акциялар	14	-
ССПСД бойынша бағаланатын үлестік инвестициялар	14	-

Келесі кестеде «Standard & Poor 's» агенттігі берген кредиттік рейтингтер немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас стандарттары негізінде қарыздық инвестициялық бағалы қағаздардың кредиттік сапасы туралы ақпарат берілген:

Мың теңге	31 желтоқсан 2023 жыл	31 желтоқсан 2022 жыл
BBB- - BBB+ кредиттік рейтингімен	1,502,343	1,430,951
Жиыны ССПСД бойынша бағаланатын қарыздық инвестициялар	1,502,343	1,430,951

2022 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы қарыздық инвестициялық бағалы қағаздар мерзімі өтіп кеткен болып табылмады.

Төменде өзге жиындық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қарыздық бағалы қағаздарға қатысты жалпы баланстық құнның және ОКУ-ға сәйкес бағалау резервтерінің өзгерістерін талдау келтірілген:

Өзге жиындық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қарыздық бағалы қағаздар	1 кезең	Жиыны
Жалпы баланстық құн 2022 жылғы 1 қаңтарға	1,363,926	1,363,926
Сатып алынған активтер	4,198,968	4,198,968
Өтелген активтер	(4,153,475)	(4,153,475)
Есептелген пайыздағы өзгерістер	27,544	27,544
Әділ құны бойынша қайта бағалау	(6,012)	(6,012)
31 желтоқсан 2022 жылға	1,430,951	1,430,951
Сатып алынған активтер	1,510,000	1,510,000
Өтелген активтер	(1,430,951)	(1,430,951)
Әділ құны бойынша қайта бағалау	(7,657)	(7,657)
31 желтоқсан 2023 жылғы	1,502,343	1,502,343

«НҮРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ (ЖАЛҒАСЫ)

11. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (ЖАЛҒАСЫ)

Әділ құнды қайта бағалауға ОКУ бойынша бағалау резервтеріндегі өзгерістер кіреді.

Төменде өзге жиындық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қарыздық бағалы қағаздар бойынша ОКУ бойынша тиісті бағалау резервтерінің өзгерістеріне талдау келтірілген:

Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қарыздық бағады қағаздар	Этап 1	Итого
ОКУ бойынша бағалау резерві		
31 желтоқсан 2021 жылға	(790)	(790)
Кесіндіні түзету	(107)	(107)
31 желтоқсан 2022 жылға	(897)	(897)
Кесіндіні түзету	821	821
31 желтоқсан 2023 жылға	(76)	(76)

2023 және 2022 жылдары Компанияда кезеңдер арасында қаржы активтерін ауыстыру жүргізілген жоқ

Төменде өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын жалпы үлестік Бағалы қағаздар, баланстық құн өзгерісін талдау келтірілген:

Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын Үлестік бағалы қағаздар	Этап 1	Итого
Жалпы баланстық құн 1 қаңтар 2022 жыл	25,797	25,797
Сатып алынған активтер	-	-
Өтелген активтер	-	-
31 желтоқсан 2022 жылға	25,797	25,797
Сатып алынған активтер	14	14
Өтелген активтер	-	-
31 желтоқсан 2023 жылға	25,811	25,811

12. КАПИТАЛ

Акционерлік капитал

2022 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсан жағдайы бойынша тіркелген және айналымдағы Акционерлік капитал 615,000,000 қарапайым акциядан, оның ішінде 515,000,000 толығымен төленген акциядан тұрады. 100,000,000 қарапайым акцияны Акционер бір акция үшін 3 теңге болатын номиналды құнмен сатып алды және 415,000,000 қарапайым акцияны бір акция үшін 1 теңге болатын номиналды құнмен сатып алды. Қарапайым акциялардың иесі олар жарияланған кезде дивиденд алуға құқылы, сонымен қатар бір қарапайым акцияға бір дауыс беруге құқылы.

2023 және 2022 жылдары дивидендтер жариланған жоқ және төленген жоқ.

Өзге резервтер

Қаржылық жағдай туралы есепте меншікті капитал құрамында танылған резервтерге қарыз құралдардың әділ құнын ССПСД бойынша бағаланған қайта бағалаудан резерв кіреді. 31 желтоқсан 2023 жылға ССПСД бойынша бағаланған қарыздық бағалы қағаздар бойынша ОКУ резерві 76 мың теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 879 мың теңге), сонымен қатар, ССПСД бойынша бағаланған үлестік құралдардың әділ құны өзгерісінің жинақталған таза шамасы 2023 жылы 14 мың теңгені құрады.

Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания акционерлерінің компания резервтерін бөлу құқығы, егер таза табысты бөлу Компанияның төлем қабілетсіздігіне немесе дәрменсіздігіне әкеп соқпаса, жинақталған залал болған жағдайда, ХҚЕС-қа сәйкес дайындалған компанияның қаржылық (бухгалтерлік) есептілігінде көрсетілген бөлінбеген пайда мөлшерімен немесе ағымдағы жылғы таза табыс сомасымен шектеледі, немесе егер Компанияның меншікті капиталы бөлу нәтижесінде теріс сияпта болса.

13. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Тәуекелдерді басқару Компанияның операциялық қызметінің негізі және маңызды элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, несиелік тәуекел, өтімділік тәуекелі және операциялық тәуекелдер Компанияның өз қызметін жүзеге асыру процесінде кездесетін негізгі тәуекелдері болып табылады.

Тәуекелдерді басқару саясаты және процедуралары

Компанияның тәуекелдерді басқару саясаты Компания ұшырайтын тәуекелдерді анықтауға, талдауға және басқаруға, тиісті тәуекел лимиттерін және тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару саясаты мен процедуралары нарықтық жағдайдың, ұсынылатын банктік өнімдер мен қызметтердің өзгерісін және пайда болған үздік тәжірибені көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралып отырады.

Компанияның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне, негізгі тәуекелдерді басқаруға және тәуекелдерді басқару саясаты мен процедураларын мақұлдауға және ірі мәмілелерді мақұлдауға жауапты.

Басқарма тәуекелдерді төмендету жөніндегі шараларды мониторингтеу және енгізу үшін жауапты болады, сондай-ақ Компанияның тәуекелдердің белгіленген шегінде қызметті жүзеге асыруын қадағалайды. Тәуекелдер департаменті басшысының міндеттеріне тәуекелдерді жалпы басқару және қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ қаржылық және қаржылық емес тәуекелдерді анықтау, бағалау, басқару және есеп беру бойынша жалпы принциптер мен әдістердің қолданылуын бақылауды жүзеге асыру кіреді. Ол тікелей Директорлар кеңесіне есеп береді.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – бұл нарықтық бағалардың өзгеруіне байланысты қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе болашақ ақша ағындарының өзгеру катері. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелінен, сондай-ақ басқа да баға тәуекелдерінен тұрады. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және нақты өзгерістерге және нарықтық бағалар мен валюта бағамдарының құбылмалылық деңгейінің өзгеруіне әсер ететін пайыздық және үлестік қаржы құралдарына қатысты ашық позициялар бойынша пайда болады.

Нарықтық тәуекелді басқарудың міндеті қабылданған тәуекел үшін алынған табыстылықты оңтайландыруды қамтамасыз ете отырып, нарықтық тәуекелге ұшыраудың қолайлы параметрлерден асып кетпеуін басқару және бақылау болып табылады.

Компания жекелеген қаржы құралдары бойынша портфельдің шамасына қатысты ашық позиция бойынша лимиттерді, пайыздық мөлшерлемелерді, валюталық позицияны өзгерту мерзімдерін, жоғалту лимиттерін белгілеу және олардың сақталуына тұрақты мониторинг жүргізу арқылы нарықтық тәуекелді басқарады.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі – бұл сыйақының нарықтық мөлшерлемелерінің өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе болашақ ақша ағындарының өзгеру тәуекелі. Компания өзінің қаржылық жағдайына және ақша ағындарына басым сипаттағы нарықтық сыйақы мөлшерлемесінің ауытқуына әсер етеді. Мұндай ауытқулар пайыздық маржаның деңгейін көтеруі мүмкін, алайда оны төмендетуі мүмкін және сыйақы мөлшерлемелері күтпеген өзгерген жағдайда шығындарға әкелуі мүмкін.

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ (ЖАЛҒАСЫ) 13. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі

Келесі әрі қарайғы кесте 2022 және 2023 жылдар жағдайындағы пайыздық активтер бойынша теңгемен орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесін көрсетеді.

	2023 жыл Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі теңгемен, %	2022 жыл Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі теңгемен. %
Процентные активы		
Кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	14.75	10.20
Инвестициялық бағалы қағаздар	14.50	10.80

Ақша ағындарының сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне сезімталдығын талдау

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру қатері пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі болашақ ақша ағындарына немесе қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін болғандықтан туындайды. Компанияның 2022 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсан жағдайы бойынша саудалық емес қаржылық активтері мен өзгермелі пайыздық мөлшерлемеге ие қаржылық міндеттемелері жоқ.

Қаржы құралдарының әділ құнының сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруіне сезімталдығын талдау

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі салдарынан әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнының өзгеруіне 2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі пайда мен шығынның және капиталдың сезімталдығын талдау (2022 және 2023 жылдары 31 желтоқсан жағдайы бойынша қолданыста болған позициялар және табыстылық қисықтарының параллель ауытқуының оңайлатылған сценарийі негізінде жасалған сыйақы мөлшерлемелерін ұлғайту немесе азайту жағына қарай 100 базистік тармақ) келесі түрде ұсынылуы мүмкін:

Мың теңге	31 желтоқсан 2023 жыл	31 желтоқсан 2022 жыл
	Пайда не шығын/ Капитал	Пайда не шығын/ Капитал
100 базистік тармаққа паралелді ұлғаю	(12,225)	(11,654)
100 базистік тармаққа паралелді ұлғаю	12,225	11,654

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел — бұл валюта бағамдарының өзгеруіне байланысты қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе болашақ ақша ағындарының өзгеру қатері.

Компанияда 2023 және 2022 жылдары шетелдік валютадағы активтер болды, бірақ 2022 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсан жағдайы бойынша Компанияда мұндай активтер болған жоқ.

Өзге баға тәуекелдері

Өзге баға тәуекелдері — бұл нарықтық бағалардың өзгеруі нәтижесінде мұндай өзгерістер нақты бір құралға немесе оның эмитентіне тән факторларға немесе әсер ететін факторларға байланысты болса да, нарықта айналыста жүрген барлық ұқсас қаржы құралдарын байланысты болса да оларға қарамастан (пайыздық мөлшерлеменің немесе валюталық тәуекелдің өзгеру тәуекелінің әсерінен туындаған өзгерістерден өзге) қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе болашақ ақша ағындарының ауытқу тәуекелдері. Басқа баға тәуекелдері Компанияның қаржы құралы бойынша ұзақ немесе қысқа позициясы болған кезде пайда болады.

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ (ЖАЛҒАСЫ) 13. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Өзге баға тәуекелдері (жалғасы)

Таза пайда немесе шығын мен капиталдың бағалы қағаздар баға белгілеулерінің өзгерістеріне сезімталдығын талдау (2022 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсан жағдайы бойынша және барлық бағалы қағаздар баға белгілеулерінің 10% төмендеуінің немесе өсуінің жеңілдетілген сценарийі негізінде жасалған) келесі түрде ұсынылуы мүмкін:

Мың теңге	31 желтоқсан 2023 жыл		31 желтоқсан 2022 жыл	
	Пайда немесе шығын	Капитал	Пайда немесе шығын	Капитал
10% бағалы қағаздар құнының өсуі	-	152,815	-	145,675
10% бағалы қағаздар құнының төмендеуі	-	(152,815)	-	(145,675)

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл қарыз алушының немесе Компанияның контрагентінің міндеттемелерді орындамауынан туындайтын қаржылық шығындар қатері. Компания кредиттік қоржынның шоғырлану лимиттерін белгілеу және сақтау жөніндегі талаптарды қоса алғанда, кредиттік тәуекелді басқару саясаты мен процедураларын әзірледі.

Компанияны несиелік тәуекелге ұшыратуы мүмкін қаржылық құралдар негізінен сату үшін қолда бар қаржылық активтерден, банктердегі шоттар мен салымдардан, сондай-ақ комиссиялар бойынша дебиторлық берешектен тұрады. Компания басшылығы контрагенттерді тандау кезінде мұндай шығындардың пайда болуын күтпейді.

Есепті күнгі жағдай бойынша баланстық кредиттік тәуекелдің ең жоғары деңгейі келесі түрде ұсынылуы мүмкін:

Мың теңге	31 желтоқсан 2023 жыл	31 желтоқсан 2022 жыл
АКТИВТЕР		
Қарыздық инвестициялық бағалы қағаздар	1,502,343	1,430,951
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	8,059	19,564
Комиссиялық сыйақылар алуға	2,987	3,147
Өзге қаржылық активтер	7,500	7,000
Несиелік тәуекелге ұшыраудың барлық максималды деңгейі	1,520,889	1,460,662

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ (ЖАЛҒАСЫ) 13. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Құнсыздануды бағалау

Компания ОКУ-ды тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен мәнін пайдалана отырып дисконтталатын күтілетін қолма-қол ақшаның жетіспеушілігін бағалау үшін ықтималдықпен өлшенген бірнеше сценарийлер негізінде есептейді. Ақшалай қаражатты толық алмау – бұл келісімшартқа сәйкес ұйымға тиесілі ақша ағындары мен ұйым алуды күткен ақша ағындарының арасындағы айырмашылық. ОКУ-ды есептеу механикасы төменде сипатталған, ал негізгі элементтер келесілер болады:

Дефолт ықтималдығы (PD)	<i>Дефолт ықтималдығы</i> берілген уақыт аралығында дефолттың пайда болу ықтималдығының болжамды бағасы. Дефолт қарастырылып отырған кезең ішінде белгілі бір уақытта ғана орын алуы мүмкін, егер активті тану тоқтатылмаған болса және ол әлі де портфельдің бөлігі болып табылса.
Дефолт ықтималдығына ұшырайтын шама (EAD)	<i>Дефолт тәуекеліне ұшыраған шама</i> шартта көзделген борыштың негізгі сомасын және пайыздарды төлеуді немесе өзге де тәсілмен берілген қарыздарды өтеуді күтуді және төлемдерді кешіктіру нәтижесінде есептелген пайыздарды қоса алғанда, есепті күннен кейін осы шаманың күтілетін өзгерістерін ескере отырып, болашақта қандай да бір күнге дефолтқа ұшыраған шаманың есептік бағасын білдіреді.
Дефолттағы жоғалтулар деңгейі (LGD)	<i>Дефолт кезіндегі шығын деңгейі</i> белгілі бір уақытта дефолт орын алған жағдайда туындайтын шығынның есептік бағасы болып табылады. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырма, оның ішінде қамтамасыз етуді іске асыру нәтижесінде негізге алына отырып есептеледі. Әдетте ЕАБ-қа қатысты пайызбен көрсетіледі.
1 Бағалау	ОКУ резерві активтің әрекет ету мерзімі ішінде пайда болуы күтілетін несиелік шығындар негізінде есептеледі (барлық мерзімде күтілетін несиелік шығындар немесе бүкіл мерзімде ОКУ), егер бастапқы танылған сәттен бастап несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсуі байқалса, әйтпесе бағалау резерві 12 айлық күтілетін несиелік шығындарға тең сомада есептеледі (12- айлық ОКУ). 12 айлық ОКУ – бұл есепті күннен кейін 12 ай ішінде мүмкін болатын қаржы құралы бойынша дефолттардың салдарынан туындайтын ОКУ болып табылатын бүкіл мерзімдегі ОКУ-дың бір бөлігі.

Компания қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде дефолттың орын алу тәуекелінің өзгерістерін есепке алу жолымен бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің біршама ұлғаюы орын алғанына қатысты әрбір есепті кезеңнің соңында бағалауды жүзеге асыру үшін саясат әзірледі.

Өтімділік тәуекелі

2022 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсан жағдайы бойынша Компанияның қаржылық активтері оның Қаржылық міндеттемелерінен көп асып кетті және Компанияда өтімділікке елеулі ұшырау болған жоқ.

Компанияның жыл соңындағы жағдай бойынша өтімділік тәуекеліне ұшырауы туралы толығырақ ақпарат 19 ескертпеде берілген.

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ (ЖАЛҒАСЫ)

14. КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ

Компания өз қызметіне тән тәуекелдерден қорғау мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді басқаруды жүзеге асырады. Компания капиталының жеткіліктілігі басқа әдістермен бірге ҚРҰБ белгілеген нормативтерді пайдалана отырып бақыланады.

ҚРҰБ белгілеген қолданыстағы талаптарға сәйкес брокерлік және дилерлік қызметті және бағалы қағаздар портфельдерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын компаниялар өтімді активтер шамасының міндеттемелерді шегергендегі ең төменгі капитал шамасына қатынасы нормативін белгілі бір ең төменгі деңгейден жоғары ұстауы тиіс. 2023 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша бұл минималды 1 деңгей (31 желтоқсан 2023 жылы

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

құрады: 1). 2022 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсан жағдайы бойынша Компания капиталының жеткіліктілік нормативі заңнамалық белгіленген деңгейге сәйкес келді. 2023 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша міндеттемелерді шегергендегі өтімді активтер мен капиталдың ең төменгі міндетті деңгейінің арақатынасы 6.39 (31 желтоқсан 2022 жылы: 4.48).

15. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Сақтандыру

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметтерінің нарығы даму сатысында, сондықтан басқа елдерде қолданылатын сақтандыру қорғанысының көптеген формалары Қазақстан Республикасында әлі қолжетімді емес. Компанияда жұмыс берушінің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бар. Сақтандыру қорғанысы компания қызметкерлеріне қатысты беріледі. Компанияда Қазақстанның коммерциялық сақтандыру компанияларынан сатып алынған сақтандыру полистеріне сәйкес міндетті сақтандыру өтемі бар.

Сот араласуы

Нарықта өзінің әдеттегі қызметін жүзеге асыру процесінде Компания әртүрлі заңды талаптарға тап болады. Компания басшылығы сот талқылауларынан туындайтын Компания міндеттемелерінің түпкілікті шамасы (болған жағдайда) болашақта Компания қызметінің нәтижелерінің қаржылық жағдайларына елеулі теріс әсерін тигізбейді деп пайымдайды.

Шартты салықтық міндеттемелер

Қазақстан Республикасының салық жүйесі салыстырмалы түрде жана бола отырып, заңнамалық нормалардың, ресми түсіндірмелердің және сот шешімдерінің жиі өзгеруімен сипатталады, көбінесе бұлыңғыр мазмұндалған және қарама-қайшы, бұл оларды әртүрлі салық органдарының екіұшты түсіндіруіне мүмкіндік береді. Салықтар бойынша есеп айырысулардың дұрыстығы ірі айыппұлдар мен пайыздық есептеулер салуға құқығы бар реттеуші органдар тарапынан тексеруге жатады. Есепті кезеңдегі салықтарды есептеудің дұрыстығын келесі күнтізбелік бес жыл ішінде тексеруге болады; алайда, белгілі бір жағдайларда бұл мерзім ұлғаюы мүмкін. Қазақстан Республикасында болған соңғы оқиғалар салық органдарының салық заңнамасын түсіндіру және қолдану кезінде неғұрлым қатаң позицияға ие екендігін көрсетеді.

Бұл мән-жайлар Қазақстан Республикасында басқа елдердегі ұқсас тәуекелдерден едәуір асатын салық тәуекелдерін тудырады. Басшылықтың пікірінше, салық міндеттемелері басшылықтың Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасын түсіндіруін, нормативтік құжаттардың ресми түсініктемелерін және сот органдарының шешімдерін басшылыққа ала отырып, осы қаржылық есептілікте толық көрініс тапқан. Алайда, әр түрлі реттеуші органдардың салық заңнамасын түсіндіруі басшылықтың пікірінен өзгеше болуы мүмкін екенін ескере отырып, реттеуші органдар тарапынан мәжбүрлеу шаралары қолданылған жағдайда олардың осы қаржылық есептілікке әсері айтарлықтай болуы мүмкін.

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ (ЖАЛҒАСЫ)

16. БРОКЕРЛІК-ДИЛЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ СЕНІМ ЖҮКТЕУ БАСҚАРУЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Компания клиенттердің тапсырмасы бойынша бағалы қағаздардың сақталуын қамтамасыз ете отырып және көрсетілген қызметтер үшін комиссиялық сыйақы ала отырып, өз клиенттеріне брокерлік-дилерлік және сенім жүктелу арқылы басқару қызметтерін көрсетеді. Бұл активтер Компанияның активтері болып табылмайды және оның қаржылық жағдайы туралы есебінде актив ретінде танылмайды.

2022 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсан жағдайы бойынша Компанияның сенім жүктеу арқылы басқарылатын активтері жоқ.

2023 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша Компания клиенттердің өкімі бойынша бағалы қағаздарды сатып алуға және сатуға алынған клиенттердің қаражатын жекелеген банктік шоттарда 764,270 мың теңге көлемінде ұстады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 1,006,509 мың теңге). Бұл қаражат Компанияның активтері ретінде танылмайды, өйткені Компания оларды клиенттердің атынан ұстайды және оларға бақылау жасамайды.

17. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Директорлар кеңесі мүшелерімен, Басқармамен және негізгі басшы қызметкерлермен операциялар

2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін «Қызметкерлерге берілетін сыйақылар» (7 Ескертпе) бабына енгізілген төрт негізгі басшы қызметкерге берілетін сыйақылардың жалпы мөлшері келесі түрде ұсынылуы мүмкін:

Мың теңге	31 желтоқсан 2023 жыл	31 желтоқсан 2022 жыл
Еңбекақы және басқа да қысқа мерзімді төлемдер	45,062	36,460
Салықтар және еңбекақы бойынша аударымдар	4,578	3,740
	49,640	40,200

Өзге байланысты ұйымдармен операциялар

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттар бойынша қалдықтар, сондай-ақ 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы өзге де байланысты тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе шығын құрады:

Мың теңге	Бас ұйым	Акционерлер және бас ұйыммен байланысты тұлғалар бақылайтын өзге ұйымдар	Барлығы
Қаржылық жағдай туралы есеп			
Активтер			
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	1,263	-	1,263
Инвестициялық бағалы қағаздар	25,811	-	25,811
Алатын комиссиялар	-	1,469	1,469
Кірістер немесе шығындар туралы есеп			
Табыстар			
Комиссиялық табыстар	2	21,923	21,925

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ
(ЖАЛҒАСЫ) 17. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Өзге байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттар бойынша қалдықтар, сондай-ақ 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы өзге де байланысты тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе шығын кұрады:

<u>Мың тенге</u>	<u>Бас ұйым</u>	<u>Акционерлер және бас ұйыммен байланысты тұлғалар бақылайтын өзге ұйымдар</u>	<u>Барлығы</u>
Қаржылық жағдай туралы есеп			
Активтер			
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	285	-	285
Инвестициялық бағалы қағаздар	25,797	-	25,797
Алатын комиссиялар	-	2,799	2,799
Кірістер немесе шығындар туралы есеп			
Табыстар			
Комиссиялық табыстар	15	33,961	33,976
Баланстан тыс активтер	-		
Клиенттің өкімі бойынша бағалы қағаздар сатып алуға және сатуға алынған клиенттер қаражаты		1,006,509	1,006,509

18. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Сату үшін қолда бар қаржы активтерінің есептік әділ құны мәмілелер бойынша шығындарды шегерместен, есепті күнге баға белгіленетін нарықтық бағаларға негізделген.

Барлық активтер мен міндеттемелердің есептелген әділ құны есепті күндегі жағдай бойынша ұқсас құралдар үшін есептелген болашақ ақша ағындары мен дисконттау мөлшерлемелері негізінде дисконтталған ақша ағындары әдісін пайдалана отырып анықталады. Барлық қаржы құралдарының есептелген әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең.

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ (ЖАЛҒАСЫ)

18. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Кестеде әрі қарай әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құн иерархиясының деңгейлері кесіндісінде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржы құралдарына талдау келтірілген.

Мың теңге	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей	Барлығы
Инвестициялық бағалы қағаздар	1,502,343	25,811	—	1,528,154
	1,502,343	25,811	-	1,528,154

Кестеде әрі қарай әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құн иерархиясының деңгейлері кесіндісінде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы құралдарының әділ құнына талдау келтірілген

Мың теңге	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей	Барлығы
Инвестициялық бағалы қағаздар	1,430,951	25,797	—	1,456,748
	1,430,951	25,797	-	1,456,748

2023 және 2022 жылдар ішінде Компания әділ құн иерархиясының деңгейлері арасында әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын аударған жоқ

Келесі кестеде әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құн иерархиясының деңгейлері кесіндісінде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржы құралдарына талдау ұсынылды:

Мың теңге	Барлығы әділ құн 1 деңгей	Барлығы әділ құн 2 деңгей	Барлығы Баланстық құн
Қаржылық активтер			
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	8,059	-	8,059
Комиссиялық сыйақылар алуға	2,987	—	2,987

Келесі кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ бағаланбаған қаржы құралдарының талдауы әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құн иерархиясының деңгейлері кесіндісінде берілген:

Мың теңге	Барлығы әділ құн 1 деңгей	Барлығы әділ құн 2 деңгей	Барлығы баланстық құн
Қаржылық активтер			
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	19,564	-	19,564
Комиссиялық сыйақылар алуға	3,147		3,147

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ (ЖАЛҒАСЫ)

19. АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ӨТЕУ МЕРЗІМДЕРІН ТАЛДАУ

Келесі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген өтеудің күтілетін мерзімдері кесіндісінде сомаларға талдау ұсынылған:

Мың теңге	3 айға дейін	3-тен 6 айға дейін	6 айдан 1 жылға дейін	1-ден 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Өтеу мерзімінсіз	Барлығы
ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР							
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	8,059						8,059
Инвестициялық бағалы қағаздар	1,502,343					25,811	1,528,154
Комиссиялық сыйақылар алуға			2,987				2,987
Барлық қаржылық активтер	1,510,402		2,987			25,811	1,539,200
ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Өзге міндеттемелер		(25,416)	(11,126)				(36,542)
Барлық қаржылық міндеттемелер		(25,416)	(11,126)				(36,542)
2022 жылғы 31 желтоқсан жағдайындағы таза позиция	1,510,402	(25,416)	(8,139)			25,811	1,502,658
2023 жылғы 31 желтоқсан жағдайындағы жинақталған таза позиция	1,510,402	1,484,986	1,476,847	1,476,847	1,476,847	1,502,658	

Келесі кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген өтеудің күтілетін мерзімдері кесіндісінде сомаларға талдау ұсынылған:

Мың теңге	3 айға дейін	3-тен 6 айға дейін	6 айдан 1 жылға дейін	1-ден 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Өтеу мерзімінсіз	Барлығы
ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР							
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	19,564						19,564
Инвестициялық бағалы қағаздар			445,972		984,979	25,797	1,456,748
Комиссиялық сыйақылар алуға			3,147				3,147
Барлық қаржылық активтер	19,564		449,119		984,979	25,797	1,479,459
ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Өзге міндеттемелер		(6,006)	(15,355)				(21,361)
Барлық қаржылық міндеттемелер		(6,006)	(15,355)				(21,361)
2022 жылғы 31 желтоқсан жағдайындағы таза позиция	19,564	(6,006)	433,764		984,979	25,797	1,458,098
2022 жылғы 31 желтоқсан жағдайындағы жинақталған таза позиция	19,564	13,558	447,322	447,322	1,432,301	1,458,098	

Іс жүзінде барлық қаржы құралдары тыянақталған мөлшерлемелі шарттар болып табылатындығына байланысты, көрсетілген шарттық өтеу мерзімдері де шарттар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау күндерін білдіреді.

«НҰРБАНК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «MONEY EXPERTS» АҚ

Кестелерде көрсетілген сомалар есепті күндегі жағдай бойынша активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын көрсетеді және оған болашақ сыйақы сомалары кірмейді.